Ортаңғы «Балдәурен» «Ертарғын» «Көгершін» «Бөбек» тобында Дене тәрбиесі– 108сағат, Музыка-36 сағат, Қазақ тілі-36 сағат, Тіл дамыту және көркем әдебиет, математика негіздері, Қоршаған әлеммен таныстыру, Сурет салу (Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру)- ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Ересек «Балауса» «Ботақан» «Еркетай» «Ертөстік» «Қарлығаш» тобында Дене тәрбиесі–108, Музыка-72сағат, Қазақ тілі-36 сағат, Тіл дамыту және көркем әдебиет, Қазақ тілі, Математика негіздері, Қоршаған әлеммен таныстыру, Сурет салу (Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру)-ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Мектепалды «Балбөбек» «Бұлдіршін» «Айгөлек» «Нұршуақ» тобында Дене тәрбиесі– 108 сағат, Сауат ашу негіздері-108 сағат, Математика негіздері-108 сағат, Қазақ тілі-72 сағат, Тіл дамыту-72 сағат, Көркем әдебиет-72 сағат, Музыка-72 сағат, Қоршаған әлеммен таныстыру-72сағат, Сурет салу (мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)-36 сағат мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес жүргізіледі. Дене шынықтыру, қарым-қатынас іс- әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті ойын

Түріндегі түрлі балалар әрекеті арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық қасиеттерді дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеуіс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық қасиеттерді дамыту, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту,

әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

дене тәрбиесі (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);

1) жүзу(жүзу бассейні болған кезде);

2) тіл дамыту;

3) көркем әдебиет;

4) сауат ашу негіздері;

5) қазақ тілі

6) сенсорика;

7) математика негіздері;

8) құрастыру;

9) қоршаған әлеммен таныстыру

10) сурет салу;

11) мүсіндеу;

12) жапсыру;

13) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

«Дене тәрбиесі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, дене шынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң өткізу ұсынылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауыз екі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әр түрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Мектепалды тобында аптасына Қазақ тілі 2 рет, тіл дамыту 2 рет, Көркем әдебиет 2 рет, Сауат ашу 3 рет; ересек, ортаңғы топтарда Қазақ тілі аптасына 1 рет мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес ұйымдастырылады. тіл дамыту және көркем әдебиет, қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау, театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап

бере алатындай сұрақтар) арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірі мен қарым-қатынас жасауға, олар мен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б. арқылы дамыту ұсынылады.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан эсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше, балалар мен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік беріледі.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған «әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады. Мектепалды тобында аптасына Қоршаған ортамен таныстыру 2 рет, математика негіздері 3 рет мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес ұйымдастырылады.

Ортаңғы, ересек топтары үшін математика негіздері күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті эксперимент жасау, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастырады. Қоршаған әлеммен таныстыру күн сайын заттарды бақылау, зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, кітаптарды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеттері арқылы іске асырылады. Кіші топтағы балалары үшін сенсорика бойынша күн сайын заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінді және олардың түсін, пішінін көлемін ажыратып салыстыруға баулу көзделді.

Сурет салу (мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) мектепалды тобында аптасына 1 рет мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес, ал ересек, ортаңғы, кіші топтарда күн сайын

балалардың қызығушылықтары ескере отырып ұйымдастырылады.

«Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеті кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек, мектепалды тобында аптасына екі рет музыка жетекшісі мен мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттау, музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру:

«Дин-Асыл» бөбекжай-бақшасында мемлекеттік аттестаттау кезінде оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелігін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарына талдау жасалынды. Әдістемелік жұмыс төмендегі бағыттар бойынша жүргізіледі:

-педагог қызметкерлердің ақпараттық, оқу-әдістемелік және білімдік қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

-педагогикалық процесте оқытудың заманауи құралдарын және ақпараттық технологияларды қолдану мәселелері бойынша кеңес, семинарлар өткізу;

-педагогтардың біліктілігін арттыру (олардың шығармашылық жұмысын, педагогикалық шеберліктерін жетілдіру мен өздігінен білім алуын қамтамасыз ету);

-педагогтардың шығармашылық еңбекке деген құштарлығына арттыруда жағдай туғызу, педагогтардың сұранысын есепке ала отырып, әдістемелік шаралар өткізу;

- оқу әдістемелік құралдар, жоспарлар, материалдар, топтардағы оқу-тәрбие ісін молайтуға арналған тапсырмалар мен ойын жағдаяттарын жинақтау.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады.

Осы міндеттерді орындау мақсатында «Дин-Асыл» бөбекжай-бақшасының педагогикалық ұжымы білім мен тәрбие үрдісінде ұйымдастырудың озық тәжірибелерін пайдалана отырып, баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында ҚР-сы Ғылым және Білім министрінің 2016 жылғы 12 тамыз № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына 1 қосымша ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 № 422 бұйрығы бойынша перспективалық жоспар құрылды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны – физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды, танымдық және зияткерлік дағдыларды, шығармашылық дағдыларды, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруға

Негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылады.

Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылды:

-ойын арқылы оқыту,

-білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту. Білім беру мекемесінің өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды: топтардың жалпы жағдайларын бақылау, күн тәртібінің сақталуы, тәрбиешілермен мамандардың балалармен тәрбие-білім жұмыстарын жүргізу барысында заттық-дамытушы орталықтарын толықтырып, дидактикалық ойындар, картотекалар, мнемотехника жиынтытығы кеңінен қолдануда.

Балабақшамызда педагогтардың кәсіби шеберліктерін шындауға бағытталған іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп тұрады, педагогикалық кеңестер, семинарлар, тренингтер, ашық есік күндері. Білім беру ұйымында мамандардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне тәжірибелік қызметке даярлау барысында әдістемелік көмек көрсетіліп тұрады. Балабақшада әр жылы педагогтардың кәсіби шеберлігін дамыту, іс-тәжірибелерімен бөлісу, педагогикалық мәртебесін көтеру мақсатында балабақша ішілік «Үздік тәрбиеші» байқауы ұйымдастырылып өткізіледі. 2023-2024 оқужылында балабақша ішілік «Үздік тәрбиеші» байқауына қатысып, өзінің кәсіби шеберлігін, білімділігін көрсете білгені үшін тәрбиеші Д. Абсаматова 1 орынмен, 2024-2025 оқу жылында тәрбиеші П.Сарабаева 1 орынмен марапатталды. **2025-2026** оқу жылында тәрбиеші Ж.Байтеева марапатталды.

12 педагог мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту курсына оқып өз білімдерін жетілдіріп сертификат алды. «Өрлеу» қайта даярлау, біліктілік арттыру курсынан

сертификат алды. Балабақша педагогтары Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа алып, әдістемелік іс-шараларды өткізудің жаңаша жолдарын іздестіруді жалғастырып отырады.

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жаңартылған оқу бағдарламасын, оқыту практикасына өзгерістер енгізу және оларды басқару» жаңартылған оқу бағдарламасының балалардың жеке тұлға болып қалыптасып дамуына жаңа әдіс-тәсілдер арқылы жетуге болады. Баламен жеке жұмыс жасағанда, баланың неге қызығушылығының бар екенін байқап, одан әрі арттыру үшін тікелей бақылауға аламыз. Ұйымдастырылған іс әрекетте тәрбиеленушілердің үнін тындап, ойын түрлерін дұрыс ұйымдастырып, жетелеуші сұрақтарды дұрыс қоя біліп, мақсатқа жетуге болады. Ойындардың әдіс-тәсілдерін жақсарту үшін тәрбиешілер шығармашылық жұмыстарын мнемокесте технологиясын әрі қарай жаңаландырып, ойын түрлерімен біріктіріп жалпы білім сапасын жоғарылату мақсатында баланың даму құралы ретінде пайдалану керек екенін жоспарлап отырамыз. Балабақша өзіндік бағалаудан өткізу барысында нормативті-құқықтық құжаттар, әдістемелік жұмыстардың түрлері, олардың нәтижелілігі сарапталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі өзгеріп тұрған әлемге бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасалынған.

Жаңадан қабылданған балалармен және оның ата-аналарымен бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілді. Баламен жеке жұмыстар, ата-аналарға «Күн тәртібінің маңызы», «Балабақшадағы бейімделу кезіндегі ата-ананың рөлі» тақырыптарында кеңестер берілді. Өтпелі кезең дағдарысынан оңтайлы өтулеріне жағдай жасап, профилактикалық шаралар өткізіліп тұрды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп сабақтастықпен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету мақсатында балабақша мен мектеп педагогтар арасында іскерлік ынтымақтастық орнату үшін, балаларды мектепке оқытуға дайындау жылдық жоспарда белгіленген іс-шаралар бойынша жүргізілді: Мектепке саяхат жасау, мектеп және балабақша педагогтарының өзара сабақтарға енуі, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға, «Ашық есік күндеріне» қатысу, балалармен бірлескен сурет көрмелерін ұйымдастыру, балалардың мектепке дайындығы туралы мониторинг жүргізу. Мектепке дейінгі баланың ақыл-ой тәрбиесі қазіргі заман талабы және ең өзекті мәселе, ең қажеттісі баланың ақыл ойын дамыту болса, негізгі ақыл үлкендердің, тәрбиешілердің шебер басшылығы, өзіндік талпынысы қажет. Балабақша педагогтары осы мақсатты негізге ала отырып, бірлесе ашық есік күндерін ұйымдастырған. Жаңа технологиялардың элементтерін қолдану мақсатында «Қызықты математика» құралдары, ұяшықтарға салынатын пішіндер, кестелер. Монтессори технологиясының элементтерін қолдануда фетрден тігілген құралдар, балалардың саусақтарының, ұсақ моторикасын дамыту мақсатында-түймелеу алма ағашына алмаларды орналастыру, сылдырмақтар және т.б күннің екінші жартысында қолдану ұйымдастырылып пайдалануда, тәрбиеленушілердің деңгейлеріне орай тапсырмалар беріліп, топтық ұжымдық жұмыс жасауды қалыптастыруда.

Балабақшада жылдық жоспарға сәйкес жыл бойына 5 педагогикалық кеңес, 4 меңгеруші жанындағы кеңес, 3 өндірістік кеңес, 3 жалпы ата-аналар жиналысы, ата-аналарға арналған консультация, мерекелер мен ойын-сауықтар, көрмелер мен байқаулар, ашық есік күндері, семинар-практикумдар өтілді. Педагогикалық кеңесте қаралған негізгі мәселелер Тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы нұсқау хатпен таныстыру; педагогтардың перспективалық жоспары, топтардың күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекет кестелерін бекіту; педагогтардың кәсіптік санатын көтеру туралы өтініштерін қарау; озық іс-тәжірибе жинақтаушыны бекіту; балалардың біліктілік дағдыларын дамыту бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттердің сапасын талқылау; педагогтар арасында «Үздік тәрбиеші» байқауын ұйымдастыру; тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы байланыс; педагогтардың сауықтыру шараларын өткізу барысы; педагогтарды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары туралы жаңа ережелермен таныстыру; жазғы демалыс уақытындағы іс-шаралар жоспарын талқылау; озық іс-тәжірибе жинақтаушының жұмысын талқылау; балалардың бастапқы, аралық, қорытынды даму мониторингін талдау мәселелері қаралып, талқыланды.

Меңгеруші жанындағы кеңесте жоспарланған мәселелер толық қаралды. Онда топтардың жаңа оқу жылына дайындығына, топтардағы ата-аналар жиналыстарын өткізу және оған дайындық деңгейі; жедел жұқпалы аурулардың алдын алу; балалардың бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг кезеңдерінің бақылау нәтижесі; жаңадан келген балалардың балабақшаға бейімделуі; тәрбиешілердің апталық циклограмманы жоспарлау барысы; балалар қатысуы мен ауруы бойынша сараптама жасау; мерекелік іс-шараларға дайындық барысын талқылау; шығармашылық топтардың жұмысы; тамақтану сапасының дұрыс ұйымдастырылуы; ертеңгілік жаттығуды өткізуді, қимылды ойындарды ұйымдастыруды бақылаудың нәтижесі туралы; педагогтардың топтардағы ашық есік күндерінің ұйымдастырылуы; мектепалды тобын мектепке шығарып салу; өрт қауіпсіздігінің алдын алу; сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; мектепке дейінгі ұйымды қысқы кезеңге дайындау; үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру; жалпы балабақшалық сейсмо жаттығуға дайындық өткізу; бір айдағы сырқаттанушылық жағдайын талдау; топтардағы тиісті құжаттардың дұрыс жүргізілуін бақылау нәтижелері; қызметкерлердің еңбек демалысының кестесін бекіту туралы мәселелер қаралып талқыланды.

Өндірістік кеңесте қызметкерлерге лауазымдық нұсқаулықтар жүргізу, ішкі еңбек тәртібі ережелерін талдау; балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулықтарымен таныстыру; террористік акт кезеңінде мектепке дейінгі ұйымның лауазымды тұлғалары мен жұмысшыларының мінез-құлқы мен іс-әрекеті» нұсқамасы; балабақшаның санитарлық-гигиеналық жағдайлары; еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережесі; өрт қауіпсіздігін сақтау; балалардың ойын алаңдарын дайындау; бала жарақаттанғанда алғашқы көмек көрсету нұсқаулары;

азық-түліктер мен тамақтар сапасын арттыру мәселелері қаралып талқыланды. Тәрбиеші мамандар біліктілік деңгейін арттыру мақсатында аудандық семинарларға қатысып, тәжірибесін шыңдап отырды.

Оқу жылы барысында балабақшаның негізгі мақсаттарына байланысты семинар - практикумдер, дөңгелек үстелдер жоспардағы тақырыптар бойынша лекциялар тыңдалып, сол тақырыптар барысында кеңестер, ойын-сабақтар, сауалнамалар өткізілді.

Әр айда жоспарға байланысты кеңестер беріліп, түсіндірілді. Тәрбиешілер оқу - тәрбие процесін барынша жан-жақты, жаңаша, жас ұрпақты шығармашылыққа тәрбиелеу мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды меңгеріп, оқу қызметіне мұқият дайындалып, оқу қызметін қызықты, балаға түсінікті әрі жақын өткізуге талпынды.

Дәрігерлік қызмет жоспары бойынша медбике Г. Құдайбергенова балалармен сауықтыру жұмыстарын жүргізіп, уақтылы профилактикалық тексеру денәтулерін қадағалап отырды. Балалардың физикалық дұрыс дамуына көңіл бөліп, сауықтыру шараларын жүргізіп, денсаулық мерекелерін өткізді. Дәмбике Г. Құдайбергенова Ас мәзірін дұрыс ұйымдастырып, балалардың рационалды тамақтануын қадағалады.

«Қауіпсіздік мектебі» іс-шарасы бойынша тоқсанына бір мәрте сейсмо-жаттығу қауіпсіздігі бойынша балаларға нұсқау беру, жер сілкінісіне, өрт қауіпсіздігіне эвакуациялық жаттығуларды ұйымдастырып өткізілді.

Тәрбиешілер А. Нарманова, А. Жайдақбаева, Д. Абсаматова, Ж. Байтеева, Г. Рахымбердиева, Т. Азарбекова «Балабақшадағы мінез-құлық ережелері» «ТЖК кезіндегі әрекеттер, Қауіпсізсеруен, «Егерадасып қалсам не істеу керек?», «Қауіпсіз қала, «Айналадағы әлем, бұл керемет жануар», «Мен және бөгде ересек адам», «Тамақтану әдебі», «Үйде жалғыз қалғанда», «Табиғаттағы қауіпсіздік» тақырыбында балаларға қауіпсіздік сабағын өтіп қауіпсіздікті сақтау ережелерін түсіндірді.

Тәрбиешілер өздеріне бекітілген шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыс жүргізіп отырады.

Балалармен жұмыс: Оқу жылы бойында әр түрлі тақырыпта жыл мезгілдеріне, мерекеге байланысты тақырыптық іс-шаралар ұйымдастырылды. Балалар мен тәрбиеші арасындағы қарым-қатынас өте жақсы. Тәрбиешілер балаларды экологиялық білім мен қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде берілген білімдерін серуен-саяхатқа шығару арқылы толықтырып отырды. Ересек, мектепалды топтарда әр тоқсан сайын құқық тәрбиесі жүргізілді. Тәрбиешілер балалармен «Мен және менің құқығым», «Мені қоршаған әлем» тақырыбында ұйымдастырып өткізді.

Бақылау мен басшылық өз уақытында жүйелі жүргізілді, жоспарланған топтардың жаңа оқу жылына дайындығы, үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру, балалардың бір айдағы сырқаттанушылық жағдайы, жуыну кезіндегі мәдени – гигиеналық дағдылар; балалардың даму деңгейі; мектепке дейінгі және мектеп жұмысындағы сабақтастық мәселелері; педагогтардың ашық есік күндерін ұйымдастыру барысы; ертеңгілік жаттығуды, қимылды ойындарды ұйымдастыру; Заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру үшін түрлі жағдайлар мен оқу құралдарының болуы, Адамгершілік-патриоттық тәрбие беру бойынша жұмыс жүйесі; топтарда педагогтардың тиісті құжаттаманы жүргізу барысы туралы бақылау қорытындысы жасалынып педагогикалық және меңгеруші жанындағы кеңестерде қаралып, үлгілі жұмыстар аталып, кемшіліктерді ескертіп отырды.

Ата-аналармен жұмыс: Жыл бойына балабақшаның жылдық жоспарына сәйкесуші рет жалпы, топтар арасында үш рет ата-аналар жиналысы өткізіліп отырды. Жалпы ата-аналар жиналысында балабақшаның оқу жылындағы мақсат-міндеттерін таныстыру, ата-аналар комитетінің құрамын сайлау; өткен оқу жылының қорытындысын талқылау; балалардың тамақтануын ұйымдастыру; балалардың білі деңгейінің мониторингі жөнінде есеп беру; жазғы сауықтыру шараларының жұмыс жоспарымен таныстыру; балалардың денсаулығын сақтау жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері қаралып талқыланды. Балабақша мамандары Психолог, медбике, дәмбике, әдіскер ата-аналарға балалардың денсаулығы мен физикалық дұрыс дамуына кеңестер беріп, сауалнама, пікір алмасу ұйымдастырылып, балалары балабақшаға бармайтын ата-аналарға консультация жүргізілді.

Топтық ата-аналар жиналыстарында балалардың білім деңгейін бақылау, ата-аналарды балабақшада ұйымдастырылатын ертеңгіліктер мен ойын-сауықтарға, көрмелер мен байқауларға қатысуын, тәрбиелеу іс-шараларына тарту жұмыстары, тренингтер ұйымдастырылып өткізілді.

Жазғы сауықтыру жұмысы: Балабақшаны жазғы жұмыс тәртібіне ауыстырып, қызметкерлерге жазғы сауықтыру жөнінде кеңес өткізілді. Тәрбиешілер «Алақай, жайдары жаз келді» мектеп жасына дейінгі жастағы балаларға арналған жазғы сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспарына, жазғы сауықтыру кестесіне сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттерді серуенмен, ойын-сауықпен байланыстыра отырып жүргізді. Балалармен тұрмыстық және жол зақымдарының алдын алу жөніндегі жұмыстар, жол ережесі бойынша әңгіме, ойын-сауықтыр, ойындарды өткізді.

Шаруашылық-әкімшілік жұмыс: Шаруа меңгерушісі У. Джунисбеков жаңа оқу жылына топтардың ағымдағы жөндеу жұмыстарын, жаз мезгілінде балалардың ойын алаңын дайындау, балабақша ауласын абаттандыру, ыдыс-аяқ, жұмсақ жаймаларды жөндеп, жаңалау, жылу қазандықтарын жаңа маусымға дайындау: жиһаздарды таңбалау; заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыруды қамтамасыз ету; аулада және ғимараттағы ойын жабдықтарының жарамдылығын тексеру, жөндеу, өңдеу; Өрт болған жағдайдағы, жер сілкінісіндегі т.б түрлі апаттық жағдайдағы эвакуациялық жаттығуларды жүргізу; сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізді.

2025-2026 оқу жылында тәрбиешілер Д. Абсаматова «Сикырлы асық», Г. Джамалова «Үй жануарлары», А. Аширова «Су тіршілік нәрі», Қ. Байчаева «Үй жануарлары», Ж. Тайсалова «Ұ дыбысы мен әрпі», П. Сарабаева «Қызықты ойындар»,

П. Сапра «Көңілді ойындар» Э. Периева «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында ашық есік күнін ұйымдастырып, ұйымдастырылған іс-әрекет өткізді.

Мерекелік іс-шаралар 1 қыркүйек білім күніне орай «Сәлем саған балабақша» салтанатты жиын, Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай «Бала тілі-бал» интеллектуальды қойын, Алтын күз мерекесіне орай «Қырманға кел, қалқатай», «Шалқан», Дихан атаға көмек», «Берекелі күз» ертеңгіліктері, 25 Қазан Республика күніне орай «Мен Отаныммен мақтанамын» патриоттық әндер байқауы, 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні мерекесіне орай «Тәуелсіздікке тарту», «Республикам мақтанышым» мерекелік ертеңгіліктер, Жаңа жыл мерекесіне орай «Шырша жанындағы ақ қоян», «Кел Жаңажыл, жаңажыл», Қар ханшайымы», «Сикырлы жаңа жыл» мерекелік ертеңгіліктері, Адал азамат,

Біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес «Ана тілім-Ардақтым» ертеңгілік, «Мен Отаныммен мақтанамын» патриоттық әндер байқауы, «Республикам мақтанышым» мерекелік ертеңгіліктер,

Іс-шараға ата-аналар да тартылып, қолөнер көрмелер ұйымдастырылды.

«Танымдық дағдыларды қалыптастыру бойынша балалардың бойына қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруға жағдайлар мүмкіншіліктер жасауды арттыру, түрлі сенсорикалық әсерлермен байыту, қоршаған табиғаттың сұлулығын байқауға үйрету, табиғи материалдармен жұмыс жасау бала бойындағы танымдылық шыңдау жолдарын қарастырдық. Топ тәрбиешілері біліктілік дағдылары бойынша жұмыста әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері бойынша жүйелі нәтиже қорытындысын шығарды; үлгі, ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындай алу қолдың ұсақ моторикасын дамытуда жаңа технологияларының элементтерін пайдаланып, сөздік қорларын молайтуда жаттығулар, мнемокестелер кеңінен қолданылды. Балабақшаны негізгі жұмыс бағытының бірі-балалардың денсаулығын сақтау және нығайту.

«Физикалық қасиеттерін дамыту» дағдылары бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-таңертеңгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, оқу қызметінде-сергіту сәттері өтіледі. Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінеді: күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру релаксациялар, тыныс алу жаттығулары, төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған. Қимылды ойын кешен (картотека), дидактикалық ойындар кешендері, бес сала бойынша кешендер, ұйқыдан ояну кешендері, төрт жыл мезгіліне арналған серуен кешендер топтамасы күнделікті ұтымды пайдаланылады.

Балалармен жеке жұмыс жасалып, оларға еркін қарым–қатынас жасауға мүмкіндіктер туғызып, күннің барлық сәттерінде тілдегі барлық дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында жаңылтпаштар, жеңіл жатталатын жаттығулар айтқызып, жақсы көрсеткіш көрсетті. Әсіресе саусақ жаттығуларын үйлеріне айтып барып, тәрбиешілер ата-аналардың ризашылығына бөленді.

2025-2026 оқу жылында әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу мақсаттары жоспарланды.

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің 2024–2025 оқу жылына мақсаттары

1. Бірыңғай білім беру кеңістігін қамтамасыз ету:

- балаларды 2 жастан бастап мектепке барғанға дейін тәрбиелеу және дамыту үшін жағдай жасау;
- тұрғылықты жері мен аймағына қарамастан барлық балалар мен олардың ата-аналары (занды өкілдері) үшін мектепке дейінгі білім берудің тең және сапалы жағдайларын қамтамасыз ету.

2. Материалдық базаны жетілдіру:

- Мектепке дейінгі ұйымның материалдық базасын жақсартуды жалғастыру;

- тәрбиеленушілердің дене және психологиялық денсаулығын қорғауға және нығайтуға кепілдік беру;
- мектепке дейінгі білім берудің бағдарламалары бойынша тәрбиелеу және оқыту кезінде балалардың эмоционалдық саулығын қамтамасыз ету.

3. Педагог мамандығының мәртебесін көтеру:

- тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарында педагог мамандығының маңыздылығы және оның ерекше мәртебесі туралы түсінік қалыптастыру;
- педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру.

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің 2025 –2026 оқу жылына міндеттері

1. Әдістемелік сүйемелдеу:

- мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы мен мектепке дейінгі білім берудің бейімделген білім беру бағдарламасын іске асыруды әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

2. Білім беру ортасын ұйымдастыру:

- Бірыңғай білім беру ортасымен кеңістігін пайдалануды ұйымдастыру.

3. Педагогтердің құзыреттілігін арттыру:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын қолдану мәселелерінде педагог қызметкерлердің құзыретін арттыру.

4. Білім беру ортасын жаңғырту:

- заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жаңарту;
- сапалы және қолжетімді білім беру және шығармашылық ортасын дамыту.

5. Мониторинг және талдау:

- білім беру қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді талдау бөлігінде мониторинг ұйымдастыру;
- заманауи дамып келе жатқан заттық-кеңістікті қайта құру.

6. Оқытудың сабақтастығы:

- отбасын қоса алғанда, әртүрлі әлеуметтік инсти-туттарда мектепке дейінгі және бастауыш жалпы білім беру деңгейлерінде бала-ларды тәрбиелеу мен оқытудың технологиялары мен мазмұнының сабақтастығы үшін жағдай жасау.

7. Әлеуметтік серіктестер мен ынтымақтастық:

- тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуы үшін әлеуметтік серіктестермен толыққанды ынтымақтастық үшін жағдай жасау.

8. Педагогтердің мәртебесін көтеру:

- білім беру қатынастарына қатысушыларда еңбектің маңыздылығы, педагог қызметкерлер мен тәлімгерлердің маңыздылығы мен олардың ерекше мәртебесі туралы түсінік қалыптастыру.

9. Ұйымдастырушылық механизмдер:

- педагогикалық қызметкерлер мен тәлім-герлердің кәсіби деңгейін арттыру мен көтермелеудің ұйымдастырушылық тетіктерін жетілдіру.

10. Инновациялық және цифрлық технологиялар:

- білім беру саласындағы мемлекеттік саясатқа сәйкес білім беру процесінің сапасын арттыру үшін инновациялық технологияларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжымның жұмысын жүйелеу.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына сәйкес бекітілген үлгілік оқу жоспарының көшірмесі сайтқа жүктелді

**ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай-бақшасы 2023-2024 оқу жылына
арналған тәрбиемен оқытудың оқу жұмыс жоспары**

«Балдырған» «Балдәурен» «Бөбек» Мектепалды тобы (5жастағы балалар)

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы жиілігі	өткізу	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру			3сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын		
2	Сөйлеуді дамыту			2сағат
	Көркем әдебиет			2сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын		
	Қазақтілі			2сағат
	Қазақтілі***	күн сайын		
3	Сауат ашу негіздері			сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын		
4	Математика негіздері			3сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті	күн сайын		
5	Қоршаған ортамен таныстыру			2сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын		
6	Суретсалу			1сағат
	Мүсіндеу			
	Жапсыру			
	Құрастыру			
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын		
	Музыка			2сағат
	Музыка****	күн сайын		
8	Барлығы	-		20 сағат

Ересек «Балапан» «Кәусар» «Жұлдызша» тобы (4жастағы балалар)

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары
		Ересек «Балапан» «Кәусар» «Жұлдызша» тобы (4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үшрет
	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақтілі	аптасына біррет
	Қазақтілі****	күн сайын
3	Математика негіздері	күн сайын
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
5	Суретсалу	күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
6	Музыка	аптасына екірет
	Музыка*****	күн сайын
7	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	күн сайын

Ортаңғы «Айгөлек» «Балбөбек» «Бүлдіршін» «Ертарғын» тобы (3жастағы балалар)

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары
		Ортаңғы топтар Айгөлек балбөбек бүлдіршін ертарғын (3 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үшрет
	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақтілі	аптасына біррет
	Қазақтілі****	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Суретсалу	күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	аптасына біррет
	Музыка*****	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	күн сайын

Ортаңғы «Маржан» «Нұршуақ» «Көгершін» тобы (3 жастағы балалар)

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары
		ортаңғы топ «Маржан» «Нұршуақ» «Көгершін» (3 жастағы балалар)
1	Денешынықтыру	аптасына үш рет
	Денешынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет
	Қазақ тілі***	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	аптасына бір рет
	Музыка****	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	күн сайын

Кіші жас «Балауса» «Ботақан» «Ертөстік» «Еркетай» «Қарлығаш» «Жауқазын» тобы (2 жастағы балалар)

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеті	Кіші жас «Балауса» «Ботақан» «Ертөстік» «Еркетай» «Қарлығаш» «Жауқазын» тобының (2 жастағы балалар) Аптадағы өткізу жиілігі
1	Денешынықтыру	аптасына үш рет
	Денешынықтыру**	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын
3	Сенсорика	Күн сайын
4	Қоршаған ортамен танысу	Күн сайын
5	Сурет салу	Күн сайын
	Мүсіндеу	Күн сайын
	Жапсыру	Күн сайын
	Құрастыру	Күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет
7	Музыка****	Күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	Күн сайын

**«Дин-Асыл» бөбекжай-бақшасы 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие
мен оқытудың оқу жұмыс жоспары**

**Мектеп алды тобы «Балапан» «Кәусар»
«Жұлдызша» «Балдырған» (5жастағы балалар)**

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы жиілігі	өткізу	Аптадағы жүктеме	нормативтік
1	Дене шынықтыру			3сағат	
	Дене шынықтыру**	күн сайын			
2	Сөйлеуді дамыту			2сағат	
	Көркем әдебиет			2сағат	
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын			
	Қазақ тілі			2сағат	
	Қазақ тілі***	күн сайын			
3	Сауат ашу негіздері			сағат	
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын			
4	Математика негіздері			3сағат	
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті	күн сайын			
5	Қоршаған ортамен таныстыру			2сағат	
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын			
6	Сурет салу			1сағат	
	Мүсіндеу				
	Жапсыру				
	Құрастыру				
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын			
	Музыка			2сағат	
	Музыка****	күн сайын			
8	Барлығы	-		20 сағат	

Ересек«Айгөлек» «Балбөбек» «Бүлдіршін»тобы(4жастағыбалалар)

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары
		Ересек«Айгөлек» «Балбөбек» «Бүлдіршін» тобы (4жастағыбалалар)
1	Денешынықтыру	аптасына үшрет
	Денешынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақтілі	аптасына біррет
	Қазақтілі***	күн сайын
3	Математиканегіздері	күн сайын
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
5	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
6	Музыка	аптасына екірет
	Музыка****	күн сайын
7	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	күн сайын

Ересек«Маржан» «Нұршуақ» тобы(4жастағыбалалар)

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары
		Ересек«Маржан» «Нұршуақ» тобы (4жастағыбалалар)
1	Денешынықтыру	аптасына үшрет
	Денешынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақтілі	аптасына біррет
	Қазақтілі***	күн сайын
3	Математиканегіздері	күн сайын
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
5	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
6	Музыка	аптасына екірет
	Музыка****	күн сайын
7	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	күн сайын

Ортаңғы «Балауса» «Ботақан» «Ертөстік» «Еркетай» «Қарлығаш» тобы(3 жастағы балалар)

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары
		ортаңғы топ «Балауса» «Ботақан» «Ертөстік» «Еркетай» «Қарлығаш» (3 жастағы балалар)
1	Денешынықтыру	аптасына үш рет
	Денешынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет
	Қазақ тілі***	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	аптасына бір рет
	Музыка****	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	күн сайын

Кіші жас «Көгершін» «Ботақан» топтары (2 жастағы балалар)

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеті	Кіші жас «Көгершін» «Ботақан» «Бөбек» тобы (2 жастағы балалар) Аптадағы өткізу жиілігі
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет
	Денешынықтыру**	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын
3	Сенсорика	Күн сайын
4	Қоршаған ортамен танысу	Күн сайын
5	Сурет салу	Күн сайын
	Мүсіндеу	Күн сайын
	Жапсыру	Күн сайын
	Құрастыру	Күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет
7	Музыка****	Күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	Күн сайын

Кіші жас «Балдәурен» «Бөбек» топтары тобы(2жастағыбалалар)

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеті	Кіші жас «Балдәурен» «Балдырған» тобының (2 жастағы балалар)
		Аптадағы өткізу жиілігі
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет
	Денешынықтыру**	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын
3	Сенсорика	Күн сайын
4	Қоршаған ортамен танысу	Күн сайын
5	Сурет салу	Күн сайын
	Мүсіндеу	Күн сайын
	Жапсыру	Күн сайын
	Құрастыру	Күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет
7	Музыка****	Күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	Күн сайын

**«Дин-Асыл» бөбекжай-бақшасы 2025-2026 оқу жылына арналған
тәрбиемен оқытудың оқу жұмыс жоспары
Мектеп алды «Айгөлек» «Балбөбек» «Бүлдіршін»
«Нұршуақ» тобы (5жастағы балалар)**

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы жиілігі	өткізу	Аптадағы жүктеме	нормативтік
1	Дене тәрбиесі			3сағат	
	Дене тәрбиесі**	күн сайын			
2	Тілдамыту			2сағат	
	Көркем әдебиет			2сағат	
	Қарым-қатынас-іс-әрекеті	күн сайын			
	Қазақтілі			2сағат	
	Қазақтілі***	күн сайын			
3	Сауаташунегіздері			сағат	
